

Аңдатпа

Дипломдық жоба «Жолаушылық лифтісінің электр жетегін өңдеу» орындалған. Оған келесі бөлімдер кіреді: арнайы бөлім, өміртіршілік қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Арнайы бөлімде лифтың жалпы анықтамалары, сипаттамалары, лифттің жұмыс істеу принципі және кинематикалық сұлбалары келтірілген. Лифт электр қозғалтқышы және жиілікті түрлендіргіші таңдалды. ЖТ - АҚ тұйықталған жүйесінің құрылымдық сұлбасы құрылды. Сонымен қатар MathCAD бағдарламасымен өтпелі процестері қарастырылған.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электр қозғалтқыштармен жұмысты орындағанда қауіпсіздік шаралары, электр қозғалтқыштарды сөндірумен жұмысты орындауда қауіпсіздік шаралары қарастырылған. Жолаушылық лифттің машина бөлмесін жасанды жарықтандыруға және лифттің жерге тұйықталу контурына есептеулер жүргізілген.

Экономикалық бөлімінде капиталдық шығын, электр энергетикадағы шығындар және электр жетегінің экономикалық тиімділігі анықталған.